

Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық лицей туралы Уақытша Ережесін бекіту

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 1996 жылғы 26 тамыз N 277 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 29 қаңтарда N 255 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 554 бұйрығымен.

Жастарға және халыққа жоғары деңгейлі жұмысшы квалификациясын, күрделі және бірегей жабдықтар қолданылған кәсіпорындарында жұмыс атқару үшін мамандық алуға ыңғайлы жағдай жасау мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық лицей туралы Уақытша Е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Кәсіптік-техникалық білім басқармасына /Қ.Қ.Бөрібеков/:

2.1. Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық лицей туралы Уақытша Ережесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін;

2.2. Жергілікті білім басқармалары мен кәсіптік-техникалық лицейлерге нақты кәсіптер мамандықтардың оқу жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуге і с жү з і н д е к ө м е к к ө р с е т с і н .

3. Облыстық және Алматы қалалық білім басқармалары /департаменттері/, кәсіптік-техникалық лицей директорлары оқу орындарының жарғыларын Уақытша Ережеге сәйкестендірсін және белгіленген тәртіп бойынша тіркеуден ө т к і з с і н .

4. Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарының құрамына енген кәсіптік-техникалық лицейлердің директорларына орта буынды мамандарды дайындауды жалғастыруға рұқсат берілсін (жалпы оқушы санының 10%-нен ж о ғ а р ы б о л м а с ы н) .

5. Қазақ ССР халыққа білім беру министрлігінің 1991 жылы 19 желтоқсанда бекіткен "Жоғарғы кәсіптік-техникалық училище туралы Уақытша ережесі" к ү ш і н ж о й д ы д е п т а б ы л с ы н .

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды министрдің орынбасары Беркімбаева Ш.Қ. жүктелсін.

Министр

Енгізген:

Келісілді:

Кәсіптік-техникалық білім
басқармасы

Министрдің орынбасары
" ____ " _____ 1996 ж.

18.07.1996 ж.

Жоғары білім және ғылым
б а с б а с қ а р м а с ы
" ____ " _____ 1996 ж.
Орта білім беру бас басқармасы
" ____ " _____ 1996 ж.
Экономика және қаржы бас
б а с қ а р м а с ы
" ____ " _____ 1996 ж.
Орта арнаулы білім басқармасы
20.07.1996 ж.
З а ң б ө л і м і

25.07.1996 ж.

Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық лицейі туралы УАҚЫТША ЕРЕЖЕ I. Жалпы мәлімет

1.1. Кәсіптік-техникалық лицей (КТЛ):

- үздіксіз білім беру принципі бойынша жоғары дәрежедегі жұмысшы мамандарды дайындау, қайта дайындау және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін, жалпы білім беру жүйесінің жоғарғы сатыдағы оқу орны
б о л ы п т а б ы л а д ы .

1.2. Кәсіптік-техникалық лицей алдын ала аттестациядан өткен ең жақсы кәсіптік-техникалық мектептің базасында құралады және өз қызметін Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы, "Кәсіптік-техникалық мектебі туралы" Уақытша Ережесі және кәсіптік-техникалық лицейдің Жарғысы және осы Ереже негізінде жүргізеді.

1.3. Кәсіптік-техникалық лицейдің басты міндеттері:

- жастар мен халықтың дәрежедегі кәсіптік білім алуына тиімді жағдай жасау;

- күрделі кәсіптер бойынша жоғарғы дәрежедегі мамандарды дайындауды, ғылыми-керемет жабдықтармен байланысты жаңа өнеркәсіптердің жұмысын қамтамасыз ету .

1.4. Кәсіптік-техникалық лицей заңды құқы бар мекеме болып табылады, оның өзінің Қазақстан Республикасының Елтаңбасы салынған мөрі, атауы, Жарғысы, ұлттық банкінің бөлімшелерінде ағымды және басқа есеп-шоттары б о л а д ы .

1.5. Кәсіптік-техникалық лицей оқу кешенінің құрамындағы ерекше негіздегі әртүрлі оқу орындары, өнеркәсіптер мен ұйымдар қосылатын, өз бетінше оқу орны болып қызмет ете алады .

1.6. Кәсіптік-техникалық лицей мемлекеттік білім беру орындары лицензия берген сәттен бастап, Қазақстан Республикасы беретін білімдік әрекеттер ұйымдастыруға және жеңілдіктер алуға құқы бар.

II. Кәсіптік-техникалық лицейдің құрылымы

2.1. Дәрежелі жұмысшы мамандар дайындауды кәсіптік-техникалық лицей екі сатыда іске асырады:

I-саты: Күрделі мамандықтар бойынша 3-4 дәрежелі жұмысшы мамандығын және орта білімді қоса меңгеріп шығады.

II-сатыда өте күрделі мамандықтар бойынша, ғылыми-керемет жабдықтар мен байланысты жаңа өнеркәсіптердегі жұмысты жүргізуші 5-6 дәрежелі жұмысшы мамандар дайындалады.

2.2. Кәсіптік-техникалық лицейдің әр сатысындағы оқу бітіргендерге кәсіптік қорытынды жасалады, әрбір сатыны бітірген түлек өнеркәсіпте еңбек ете алады.

III. Оқушыларды қабылдау және оқу орнын бітіру тәртібі

3.1. Кәсіптік-техникалық лицейдің бірінші сатысына кәсіптік-техникалық мектепке түсу тәртібіне байланысты және кәсіптік-техникалық лицейдің Жарғысы бойынша толық білімі бар оқушылар қабылданады.

3.2. Кәсіптік-техникалық лицейдің II сатысына I сатыны өте жақсы бітірген оқушылар, басқа кәсіптік-техникалық мектептердің толық курсын бітірген және мамандығы тура келетін жұмысшылар қабылданады.

3.3. Кәсіптік-техникалық лицейдің II сатысына түсетін оқушыларға немесе I сатыдан II сатыға өтетін оқушыларға қосымша талап қоюға құқтары бар.

3.4. Өтпелі және оқу бітіру емтиханы Қазақстан Республикасы Білім беру министрлігі бекіткен "Оқушылардың өтпелі оқу бітіру емтиханының тәртібі" туралы нұсқауларына сәйкес өткізіледі.

3.5. Кәсіптік-техникалық лицей оқушылары уақытша "Кәсіптік-техникалық мектеп" ережесіне сәйкес барлық жеңілдіктер мен құқықтарды, міндеттерді пайдалана алады.

3.6. Кәсіптік-техникалық лицейді үздік бітірген оқушы білімін мерзімі қысқартылған жоғары немесе арнаулы орта оқу орындарында өз мамандығына сәйкес жалғастыруға құқы бар. Оқуға қабылдау тәртібін кәсіптік-техникалық лицеймен жасалған келісім бойынша жоғарғы оқу орны анықтайды.

IV. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

4.1. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және кәсіптік-техникалық лицейді басқару "Кәсіптік-техникалық мектептің" Уақытша ережесіне сәйкес жүргізіледі.

4.2. Кәсіптік-техникалық лицей Білім беру министрлігі бекіткен оқу жоспары мен бағдарламаларымен жұмыс істейді.

4.3. Топтағы оқушы саны 25 адамнан аспауы керек.

4.4. Кәсіптік-техникалық лицейге жалпы басшылықты, құрамында жоғарғы оқу мен жұмыс беру орындарының өкілі бар педагогикалық кеңес жүргізеді.

4.5. Кәсіптік-техникалық лицейге тікелей осы лицейдің мүдiрi жүргізеді.

4.6. Кәсіптік-техникалық лицейге инженер-педагогикалық кадрлар Еңбек туралы заң кодекстеріне сәйкес конкурстық байқау арқылы келісім-шартпен қызметке алынады.

V. Кәсіптік-техникалық лицейдегі құқық жағдайы және қаржыландыру

5.1. Кәсіптік-техникалық лицейді қаржыландыру Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңы белгілеген тәртіппен "Кәсіптік-техникалық мектептің уақытша ережесіне және басқа да нормативті құжаттарға сәйкес ұйымдастырылады.

5.2. Кәсіптік-техникалық лицейдің қаржысы:

- мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлу;
- мекеме, өнеркәсіптердің, жеке азаматтардың ерікті жарна төлеуі;
- бюджеттен тыс қаржылар, заңмен белгіленген ақылы қызмет көрсетуден және басқа іскерліктен түскен қаржылар.

5.3. Кәсіптік-техникалық лицейдегі оқытушының апталық сағат санының мөлшерін Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейді.

5.4. Кәсіптік-техникалық лицейдің басшылығы бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыны жұмсағаны жөнінде белгіленген орындарға мерзімде есеп беріп отырады.

VI. Кәсіптік-техникалық лицейді жабу және қайта құру

6.1. Кәсіптік-техникалық лицейді қалыптастыру, қайта құру және жабу Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заң күші бар "Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері жөніндегі кейбір актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Жарлығының 7-ші тарауына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес жүзеге асады.

